

б) ұйымдасқан топпен немесе қылмыстық сыбайластықпен (қылмыстық ұйыммен) жасалса жазаланады.

1. Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений – 2-е изд., перераб. и дополн. – М., «Юристь», 2004. – С.4.
2. ВЭД в Казахстане. / №8 (230), август 2004.
3. Родина Л. Обратная сила закона об ответственности за контрабанду // Законность. 1998. №6.
4. Душкин С., Русов С. Ответственность за уклонение от уплаты таможенных платежей // Законность. 2000. №7.
5. Красиков. Ю. Контрабанда и уклонение от уплаты таможенных платежей // Российская юстиция. 2000. №12.
6. Жалинский А. Уголовная ответственность за уклонение от уплаты таможенных платежей // Законность. 2001. №1.
7. П. Яни, И. Пастухов. Совокупность контрабанды и уклонения от уплаты таможенных платежей // Росс. юстиция. №11/2001. С. 64-66.
8. Таможенное право: Учебник / Отв. ред. д.ю.н., профессор. А.Ф. Ноздрачев. М.:1998. с.353.
9. Смағұлов А.А. Кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтаруға байланысты кейбір қылмыстық құқықтық проблемалар. Научные труды Академии финансовой полиции. Выпуск 3. Колл. авторов. Алматы 2001. с.159-164.
10. Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 2 / Источник: справочная правовая система ЮРИСТ, 02.05.2008

Б.Т. Тлеулесова

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңы бойынша қандай жағдайда болмасын заңды тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Мысалы біздің жағдайымызда, экономикалық контрабанданың жасалуы барысында қылмыстық жауаптылыққа толығымен алғанда заңды тұлғаны емес, оны жасауға кінәлі заңды тұлға қызметкерін қылмыстық жауаптылыққа тарту орын алады. Кәметке толмаған жеке тұлға қылмыс субъектісі бола алмайды. Қылмыс субъектісі белгіленген жасқа жеткен жеке тұлға бола алады.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту жасына толуын анықтауда адамның сана сезімі ескеріледі. Оның жасаған әрекетінің сипатын, қоғамға қауіптілік дәрежесін, мәнін түсіне білуі, сонымен қатар, өз іс әрекетін басқара алу қабілеті тексеріледі. Өзінің әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғына білу мен бағалай білу қабілеті әлеуметтік жағдайлардың, тәрбиенің тікелей әсеріне байланысты болады. Тәрбиенің әсері кейде адамның құбылыс пен әрекеттің нақты жақтарын ұғына білу қабілетінен кейін келіп жататыны да белгілі. Өзінің әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғына білу қабілеті сол әрекет үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуын білудің алғышарттарының бірі болып табылады.

Қылмыс субъектісі кез келген жеке тұлға емес, есі дұрыс адам ғана болады. Есі дұрыс емес күйдегі адам қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиісті емес және ол қылмыстың субъектісі бола алмайды. Соттар қылмыстық жауаптылық пен жаза түрін, мөлшерін тағайындау барысында, сотталушының елеулі мәні бар жеке басының мәліметтерін жан жақты, толық және объективті түрде зерттеуі керек. Бұл дегеніңіз сотталушының жеке басының қасиеттері, сонымен қатар, оның есі дұрыстық қабілетінің болуы сияқты мәселелердің де тиянақты тексерілуін талап етіп отырған норма. Белгілі бір қылмыс жасаған адамға сот өзіне лайықты жаза тағайындайды. Қоғамға қауіпті іс әрекет жасаған адам жазалауға жатпайды, оған тек медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Қылмыстық заң есі дұрыс еместік ұғымының мазмұнын анықтағанда адамның психологиялық және медициналық көрсеткіштеріне яғни есі дұрыс емес адамның қасиетін көрсететін психологиялық және медициналық белгілеріне арқа сүйейді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңының құрылуына байланысты экономикалық контрабанданың субъектілерін екі түрге бөліп қарауға болады:

- жай субъектілер;
- арнайы субъектілер.

Аталған қылмыс құрамының субъектілерін жоғарыдай бөліп қарастыру қылмыстық заң нормасынан шығып отыр, себебі, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 209 – бабы аталған қылмыс құрамының лауазымды адамдармен жасалуын, сонымен қатар, ол қылмыс құрамының сыбайлас жемқорлық қылмыстар қатарына жататындығын бекітіп отыр. Көптеген қылмыстық құқық ғалымдары экономикалық контрабанда үшін жауаптылыққа 16 – жасқа толған адамдардың тартылатынын алға тартады. Мысалы К.Г. Байсақовтың пікірінше, экономикалық контрабанда құрамын жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа есі дұрыс, қылмыс жасау сәтіне 16 жасқа толған жеке адамның қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын алға тартады. Осы аталған пікірмен жоғарыда еңбегі аталып өткен М.М. Алиев те толығымен қосылады.

Біздің пікірімізше, жоғарыда еңбектері аталған ғалымдардың көзқарастарына қосыла отырып, аталған қылмыс құрамының субъектісі ретінде жасы 16 – ға толған есі дұрыс жеке тұлғаман бірге экономикалық контрабанданың келесі субъектісін бөліп шығаруға болады: олар 18 – жасқа толған есі дұрыс, жеке тұлғалар.

Экономикалық контрабанда субъектілерін жасына байланысты осылай бөлуіміздің себебі, аталған қылмыс құрамының ауырлататын мән – жайларының ішінде «қызмет бабын пайдаланып» деген саралау белгісінің болуымен, сонымен қатар, саралау белгілерінің бірі болып табылатын 3 – бөлігінің а) – тармағының болуымен байланыстырамыз. Экономикалық контрабанданың арнайы субъектісі ретінде субъектінің жалпы белгілерімен қатар, қосымша белгілеріне де ие болатын жеке тұлғаны айтамыз.

Өз қызмет бабын пайдаланып контрабанда жасаған лауазымды адам деп, қызмет парызы бойынша кедендік және шекаралық бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін

тауарлар мен басқа құнды заттар және нәрселерді қарау бойынша тиісті ықпал жасайтын және шекарадан өтуге рұқсат беретін адамды айтады.

Өзінің қызмет бабын пайдаланып, мұндай лауазымды адамдармен жасалған контрабанда лауазымдық қылмыс туралы қылмыстық заң баптары бойынша қосымша саралауды талап етпейді. Өзінің қызмет бабын пайдаланып контрабанда жасаған басқа лауазымды адамдарға жалпы негізде, яғни лауазымды қылмыстар туралы қылмыстық заң нормаларын қолдану көзделген қылмыстардың жиынтығы бойынша және аталған саралау белгілеріне сілтемесіз Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің контрабанда туралы баптарының тиісті бөліктері бойынша жауапкершілік жүктеледі. Экономикалық қызмет саласындағы мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуде кеден қызметі аса маңызды рөлге ие, ол аталған саладағы негізгі құқық қорғаушы институттардың бірі болып табылады. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыс субъектісі болып есі дұрыс, қылмыс жасау уақытында 16 жасқа толған тұлға табылуы мүмкін, заңның тікелей көрсетуін негізге ала отырып, экономикалық қызмет саласындағы кейбір қылмыстардың субъектісі болып тек лауазымды тұлға табылады.

Субъективтік жағынан экономикалық қызмет саласындағы барлық қылмыстар қасақана кінәмен сипатталады. Кейбір құрамдардың субъективтік жағының міндетті белгісі болып мақсат табылады. Мысалға: жерге қатысты заңсыз мәселелерді тіркеу лауазымды тұлға тарапынан пайда күнемдік немесе басқа да жеке мүдделікті көздейді. Жалған кәсіпкерлік құрамын, несие алу, салық төлеу деп босатылу, өзгеде мүліктік пайда алу немесе тиям салынған қызметті жасыру мақсаты бар әрекет құрайды.

Жерге қатысты заңсыз мәмілелерді тіркеу мен заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі келтірудің құралы осындай. Жекелеген қылмыстардың субъектісі болып лауазымды және басқа да жеке тұлға болып табылады. (Мысалы тауарлық белгілі бір заңсыз қолдану, несиелік берешекті өтеуден әдейі жалтару).

Шаруашылық етуші субъектілердің экономикалық қызметті әртүрлі салада жүреді; кәсіпкерлік, ақша несие, қаржы, сауда, халыққа қызмет көрсету және т.б. Экономикалық қызметтің белгілі бір саласына қатысты қоғамдық қатынастардың қалыпты жұмыс істеуіне қол сұғатын, тауар мен қызметтерді өткізу, бөлу, айырбастау және тұтыну барысында туындайтын қылмыстар әдетте бірнеше топтарға жіктеледі. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың кодексте бекітілген жаңа жүйесіне қатысты әдебиетте қылмыстық әрекеттің келесідей топтарын бөліп көрсету ұсынылады: экономикалық қызметті жүзеге асыру тәртібін және белгіленген кепілдіктерді бұзатын лауазымды тұлғалардың қылмысы.

Кәсіпкерлік және басқа да экономикалық қызметті жүзеге асырудың бекітілген тәртібін бұзумен байланысты қылмыстар, монополизм мен жосықсыз бәсекенің көрініс табуымен байланысты қылмыстар, кеден қылмыстары, салық қылмыстары, тұтынушылар құқығын бұзулар байланысты қылмыстар. Аталған жіктеу екі субъектісі қатаң ғылыми көзқарасқа сәйкес аталған қылмыстар тікелей объектісін, яғни жасаланылатын экономикалық қызмет саласын ескере отырып жіктеу тиімдірек. Осыған сәйкес экономикалық қызмет саласындағы базалық қылмыстардыкелесідей түрлерге бөлуге болады. Кәсіпкерлік және басқа да экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар, заңда кәсіпкерлік қызметке кедерге жасау жерге қатысты заңсыз мәмілелерді тіркеу, заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет, жалған кәсіпкерлік, заңсыз жолмен алынған ақша қаржатын немесе өзге мүлікті заңдастыру, қылмыстық жолмен алынған мүлікті алу немесе тарату. Монополиялық іс әрекеттер немесе бәсекені шектеу.

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1999 жылғы 30 сәуірдегі №1 Қаулысы «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттарлық заңдылықты сақтау туралы»

2. Байсаков К.Г. Контрабанда как угроза экономической безопасности страны. Научные труды Академии финансовой полиции. Выпуск 3. Колл. авторов. Алматы 2001. с.165-175.

3. «Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы» ҚР 2001ж 2 сәуірдегі заңы. Егемен қазақстан 4 сәуір 2001ж.

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының 1997ж 18 шілде «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік туралы заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» қаулысы (Юридическая газета. 1997 ж 23 шілде)

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқық кодексі 2005ж.

6. Уголовное право Росси Кудрявцева В.Н, Наумова А.В.

From the subjective party all crimes in economic activities sphere are characterised by deliberate fault. An obligatory sign of subjective the parties of some structures are motive and the purpose.

Статья рассматривается с субъективной стороны все преступления в сфере экономической деятельности характеризуются умышленной виной. Обязательным признаком субъективной стороны некоторых составов являются мотив и цель.

Е.Н. Джалмагамбетов

УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ЛЖЕПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО ПОСЛЕ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ (ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)

Лжепредпринимательство преступление, которое может совершаться лишь там, где разрешена предпринимательская деятельность. Развитие подобной деятельности в Республики Казахстан по сравнению со странами Западной Европы, как и развитие капитализма, который предполагает обязательное ее наличие, пришлось на более поздний период. Поэтому долгое время, с момента начала своего становления, казахстанское уголовное законодательство не знало не только норм о лжепредпринимательстве, но и норм о